2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесі балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік- эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру: дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі, сенсорика, математика негіздері, құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

- Кіші №5 «Балапан» қазақ тобында (2 жастағы балалар) «Дене шынықтыру»-108, «Музыка»-36 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесі-144 сағат.

- Кіші №2 «Жұлдыздар» қазақ тобында (2 жастағы балалар) «Дене шынықтыру»-108, «Музыка»-36 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесі-144 сағат.

- Кіші №3 «Лучики» орыс тобында (2 жастағы балалар) «Дене шынықтыру»-108, «Музыка»-36 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесі-144 сағат.

- Ортаңғы №4 «Балдаурен» қазақ тобында және №1 «Капельки» орыс тобында (3 жастағы балалар) «Дене шынықтыру»-108, «Қазақ тілі»-36, «Музыка»-36 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесі -180.

- Ересек №9 «Ақ желкен» қазақ және №7 «Золотая рыбка» орыс топтарында (4 жастағы балалар) «Дене шынықтыру»-108, «Қазақ тілі»-36, «Музыка »-72 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесі -216.

- Мектепалды №10 «Қарлығаш» қазақ және №6 «Радуга» , №8 «Солнышко», №11 «Пчелки» орыс топтарында (5 жастағы балалар) «Дене шынықтыру» - 108, «Сөйлеуді дамыту»-72, «Көркем әдебиет»-72, «Қазақ тілі» - 72, «Сауат ашу негіздері» -108, «Математика негіздері» - 108, «Қоршаған ортамен таныстыру»-72, «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Аппликация», «Құрастыру» -36, Музыка-72
Жылдық оқу жүктемесі -720.

2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесі балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік- эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру, сауат ашу негіздері, сенсорика, математика негіздері, құрастыру, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

- Кіші №5 «Балапан» қазақ тобында (2 жастағы балалар) «Дене шынықтыру»-108, «Музыка»-36 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесі-144 сағат.

- Кіші №2 «Жұлдыздар» қазақ тобында (2 жастағы балалар) «Дене шынықтыру»-108, «Музыка»-36 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесі-144 сағат.

- Кіші №3 «Лучики» орыс тобында (2 жастағы балалар) «Дене шынықтыру»-108, «Музыка»-36 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесі-144 сағат.

- Ортаңғы №4 «Балдаурен» қазақ тобында және №1 «Капельки» орыс тобында (3 жастағы балалар) «Дене шынықтыру»-108, «Қазақ тілі»-36, «Музыка»-36 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесі -180.

- Ересек №9 «Ақ желкен» қазақ және №7 «Золотая рыбка» орыс топтарында (4 жастағы балалар) «Дене шынықтыру»-108, «Қазақ тілі»-36, «Музыка »-72 сағатты құрады. Жылдық оқу жүктемесі -216.

- Мектепалды №10 «Қарлығаш» қазақ және №6 «Радуга» , №8 «Солнышко», №11 «Пчелки» орыс топтарында (5 жастағы балалар) «Дене шынықтыру» - 108, «Сөйлеуді дамыту»-72, «Көркем әдебиет»-72, «Қазақ тілі» - 72, «Сауат ашу

негіздері» -108, «Математика негіздері» - 108, «Қоршаған ортамен таныстыру»-72, «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Аппликация», «Құрастыру» -36, Музыка-72
Жылдық оқу жүктемесі -720.

Қорытынды: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекеті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес құрылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асырылуда.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарға сәйкес және сақталды.

5.Оқу-материалдық активтер

Baby City» ЖШС балабақшасының ғимараты 1992 жылы салынып пайдалануға берілген. Қазіргі уақытта балабақшаның жобалық қуаты 250 орындық. Қазіргі уақытта балабақшада 11 топ , оның 5 қазақ тілінде, 6 орыс тілінде; барлығы – 219 бала тәрбиеленуде. Жұмыс күні 5 күндік. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

Балабақшаның ғимаратының жалпы ауданы **1131,4** шаршы метр. Балабақшаның ғимараты уақытша жер пайдалану құқығына ие. Жер учаскесінің алаңы : 0,8729 га. Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі 04-066-031-386.

Өрт сөндіру құралдарының паспорты бар, өрт болған жағдайда адамдарды және құнды заттарды құтқару жолдары көрсетілген. Сызба жоспары балабақша ғимаратының әр қабатына ілінген. Өрт сөндіру құралдарымен толықтай жабдықталған. Балабақшаның жылу жүйесі автономдық және қалалық таза су желісімен қамтылған.

Жарықтандыру орталықтандырылып, топ бөлмелеріне жарық қамтамасыз етілген. Кәріз жүйесі іске қосылған. Ауыз су орталықтандырылған. Балабақша ауласына көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүргізілген. Аула темір шарбақпен толық қоршалған.

Кәсіпорынның «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу паспорты» жасақталып бекітілген. Жылына 1 рет оқу жаттығу жұмыстары жүргізіледі.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «ПЦН күзет» күзет агенттігінің қамтамасыз етілген. Жалпы саны 30 бейне бақылау камерасы орнатылған, оның 21-і ішті, 9-ы сыртқы түсірілімді көрсетіп тұр. Сақталу мерзімі 30 күн. Дабылқаққыштар мен бейнебақылау камераларының дұрыс жұмыс жасауына жауапты **ЖШС «BM SERVICE STROI»** жеке кәсіпкерімен келісім шартқа отырылды.

Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларына сай темір шарбақпен қоршалып, 11 топтың ойын алаңы 11 топқа бөлінген. Аулада ағаштар мен теректер отырғызылған. Әр түрлі әдемі гүлдер егілген. Аула аумағында балалардың әрбір жас топтары үшін 11 балалар ойынына арналған көлеңке қалқалар, құм салғыштар, әткеншектер, ойын құралдары орналасқан.

Медициналық қызметкердің жұмысы

Baby City» ЖШС балабақшасының медбикесі Муфтакова Гульнар Тасбулатқызы. Қазақстан СССР Денсаулық Сақтау министрлігінің Гурьев медициналық училищесінің толық курсын медициналық сестра мамандығы бойынша 1990 жылы 7 шілдеде бітірген. 1990 жылғы 7 шілдедегі шешім бойынша медициналық сестра деген квалификация берілді. Диплом МТ-1 №213680

Мейірбике мамандығы бойынша сертификаты бар.

№KZ86VBM01743323 11.05.2022 жылы берілген.

«Мейірбике ісі» мамандығы бойынша біліктілікті арттырғаны туралы куәләгі бар

Куәлік №058 06.04.2022 ж

Жалпы еңбек өтілі-33 жыл. Осы мекемеде 7 жыл.

Медициналық кабинетке, медициналық қызмет көрсету үшін мемлекеттік лицензия Мемлекеттік білім беру және мемлекеттік медициналық қызметпен лицензия, берілген күні 31.03.2008 ж. ЛП 00180 DR.

Балабақшада Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі бекіткен 09.07.2021 ж. №59 санитариялық қағидаларын толықтай сақтап, жұмыс істейді.

Медициналық бөлім:

Санитариялық талаптарға сай жабдықталып, 2 бөліктен құрылған. Жұмыс, оқшаулау бөлмесі бар.

Тәрбиеленушілер «Бала денсаулық паспорты» 026 формасымен қабылданады. Жұқпалы аурулардан сақтану және сауықтыру-шынықтыру жұмыстары жүргізіледі. Тоқсан сайын антропометриялық өлшемдер жүргізіледі. Қызметкерлер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 15 қазаны № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына сәйкес жылына 2 рет медициналық тексеруден өтіп, арнаулы журналдарға тіркелген.

Балабақшада топ саны-11. 5-қазақ тобы, 6 орыс тобы. Сыйымдылығы -250 орындық.

2021-2022 оқу жылында 180 бала қабылданды: оның ішінде кіші топ-3, ортаңғы топ-2, ересек топ-3, мектепалды даярлық тобы-4.

2022-2023 оқу жылында 203 бала қабылданды: оның ішінде кіші топ-3, ортаңғы топ-2, ересек топ-2, мектепалды даярлық тобы-4.

2023-2024 оқу жылында 219 бала қабылданды: оның ішінде кіші топ-3, ортаңғы топ-2, ересек топ-2, мектепалды даярлық тобы-4 Топ балаларының жас ерекшеліктері, СанПин талаптарына сай жасақталған.

Әр топ жылжымалы бактерицидті лампамен қамтылған. Уақытымен желдетіледі. Балабақшаның барлық үй жайлары санитарлық қағидаға сәйкес жұмыс жасауда. Кіші топтарда 2 унитаз, 3 қолжуғаш, 1 себезгімен қамтамасыз етілген және түбекке арналған ұяшықтар мен түбектер таңбаланған, түбектерді зарарсыздандыру үшін таңбаланған ыдыстар бар. Ортаңғы топтарда: 3 унитаз, 3 қолжуғыш, 1 себезгі, ересек, мектепалды даярлық топтарында : 3 унитаз, 3 қолжуғыш, 1 себезгімен қамтамасыз етілген. Топтық үй-жайлар, саз бөлмесі, спорт зал, қазақ тілі, әдіскер, логопед, психолог, ағылшын тілі , медициналық бөлмелерінде ауа температурасын өлшейтін термометрлер санитарлық талаптарға сәйкес орнатылған.

Кереуеттер мен төсек жаймалары, сүлгілер, топ жихаздары таңбаланған. Топтарда ас үй жихаздары мен ыдыстары талапқа сай таңбаланған. Ауыз су режимі дұрыс сақталған. Балабақша бойынша барлық топта үстелдер мен орындықтар, жатын бөлмесінде кереуеттер балалардың бой, жас ерекшеліктеріне сәйкес, белгіленген өлшемде қарастырылған. Қабылдау бөлмелері балалардың сыртқы киімін шешетін таңбаланған шкафтармен және орындықтармен қамтылған.

Ас блогы: Ас дайындау бөлмесі, ыдыс жуу бөлмесі; тамақ тарату бөлмесі, көкөніс қоймасы, құрғақ азық-түліктер қоймасы, салқындату камерасы бөлімдерінен тұрады. Қоймалар талапқа сай жабдықталған. Тез бұзылатын тамақ өнімдерін сақтау үшін электронды термометрлері бар тоңазытқыш, мұздатқыш жабдықтары қарастырылған. Температура режимі сақталады. Мекеме басшысы бекіткен маусымдық перспективтік ас мәзірі жасақталған. Балалардың тамақтануы іс жүзіндегі рационны бекітілген перспективті ас мәзіріне сәйкес жүргізіледі. Аспаздық дайын өнімінің тәуліктік сынамалары арнайы тоңазытқышта сақталады. Тоңазытқышқа арналған термометрмен қамтамасыз етілген. Күнделікті ас мәзірі толтырылып, «С» дәрумені жүргізіледі. «Дайын тағамның және аспаздық бұйымдардың органолептикалық бағалау журналы» , «Тез бұзылатын тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттардың бракераж журналы», «Ас блогы жұмыскерлерін тексеріп-қарау нәтижелері журналы» құжаттары уақытымен жүргізіледі.

Кір жуу бөлімі: Лас төсек жабдықтарын қабылдау бөлмесі, кір жуу бөлмесі, үтіктеу бөлмесі, таза төсек жаймаларын өткізу бөлмесі, төсек жаймалары, сүлгілер сақтау қоймасы қарастырылған. Кір жууға арналған 3-кір жуу машиналары, үтіктеу тақталарымен қамтамасыз етілген. Жаймалары 3 ауысымдық. Сүлгілер жеткілікті мөлшерде. Төсек жаймаларын жууға арналған график жасақталған.

Психолог кабинеті: Балабақшада педагог-психологтың жұмысы балалардың физикалық және психологиялық денсаулықтарының қорғаумен байланысты, эмоционалды амандықтарына мүмкіндік туғызатын шарттар жасайды және әр баланың ерекшеліктерінің жайлы және эффективті түрде дамуын қамтамасыз етеді. Ата-аналар мен педагогикалық ұжымға арналған жылдық жұмыс жоспары жасақталып, жыл сайын жүйелі түрде жүргізіліп отырады.

Мектепке дейінгі мекемеде музыка залы, дене шынықтыру залы, меңгеруші, есепші, медициналық және әдіскер, психолог, дене шынықтыру, қазақ тілі, ағылшын тілі, бейнелеу өнері, 2 логопед кабинеттері, бассейн, тұз шахтасы, сонымен қатар, қойма үй-жайлары, ас блогы, кір жуатын, үтіктейтін бөлмелер бар.

Топтық үй-жайлар

№	Үй жайлардың түрі және мақсаты	Саны
1	Жастары бойынша топтар, олардың ішінде -жатын бөлмелі топтар -жатын бөлмесіз топтар	12 (2021 жылы) 11 2022 жылдан бастап -
2	Музыка залы	1
3	Психологтың кабинеті	1
4	Меңгерушінің кабинеті	1
5	Әдістемелік кабинет	1
6	Қазақ тілі кабинеті	1
7	Дене шынықтыру залы	1
8	Медициналық блог	1
9	Қойма үй –жайлары	4
10	Ас блог	1
11	Кір жуатын, үтіктейтін орын	1
12	Логопед кабинеті	2
13	Ағылшын тілі	1
14	Бассейн	1
15	Бейнелеу өнері кабинеті	1
16	Тұз шахтасы	1
17	Есеп бөлімі	1

Қосымша тіркелді: Baby City» ЖШС балабақшасының бейнетаспасы.

5.2. Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат

«Baby City» ЖШС балабақшасы «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын құралдармен және жиһаздармен жабдықтау нормалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығына сай қажетті жабдықтармен жабдықталған.

«Baby City» ЖШС балабақшасының әр топтағы ойын бөлмесі балаларға арналған жиһазбен, жатын бөлмесі балаларға арналған кереуеттермен, қабылдау бөлмесі балаларға арналған шкафтармен, орындықтармен жабдықталған.

Барлық жас топтары балалардың жан-жақты дамуына арналған дидактикалық құралдармен және жабдықтармен жабдықталған: дидактикалық және дамытушы ойындар мен ойыншықтар, конструкторлар, театрландырылған қызметке арналған жиынтықтар, сюжеттік-рөлдік ойындар, пазлдар, музыкалық ойыншықтар, спорттық ойыншықтар, қуыршақтар, машинкалар, үстел-баспа ойындары, қазақ және орыс тілдеріндегі балалар көркем әдебиеті, энциклопедиялар. Мектепалды даярлық, ересек топтар, ағылшын тілі кабинеті интерактивтік тақтамен жабдықталған. Кіші және ортаңғы топтар телевизорлармен қамтамасыз етілген.

Барлық топтарда пәндік дамытушы ортаны құру принциптерін сақтай отырып жасалған: эстетикалық тұрғыдан ұйымдастырылған, жеке тұлғаға бағытталған білім беру моделіне сүйене отырып, әр түрлі аймақтар мен бұрыштарды бөліп көрсете отырып, жиһазды ұтымды және орынды орналастыру ойластырылған. Бұл балаларға қозғалыс белсенділігін қанағаттандыруға, өз мүдделеріне сәйкес әр түрлі іс-әрекеттермен еркін айналысуға мүмкіндік береді.

«Baby City» ЖШС балабақшасы мамандары кабинеттері қажетті материалдармен және ресурстармен жабдықталған (ноутбук, түрлі түсті принтер, ламинатор, интерактивті тақта, дидактикалық ойындар мен құралдар).

Қосымша тіркелді: «Baby City» ЖШС балабақшасы жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәлімет 4- қосымша

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

«Baby City» ЖШС балабақшасы қоры үнемі оқу-әдістемелік кешендермен жаңарып, толықтырылып отырылады.

Оқу-әдістемелік кешендермен қамтылуы. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында оқу-тәрбие процесін жүзеге асыру үшін оқу-әдістемелік кешендерімен қамтылды.

2021-2022 , 2022-2023, 2023-2024 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік кешендердің мәліметі тіркелді.

7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелерінің болуы.

Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы

ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтің алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді.

Педагог бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырады. Баланың жеке даму картасы баланың мектепке дейінгі ұйымда болатын барлық уақытына жүргізіледі. Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар толтырады. Баланың жеке даму картасының «Қорытынды» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысын жүргізу үшін педагогикалық процесстің міндеттері мен мазмұнын айқындайды.

Диагностиканы жүргізу кезеңдері:

жылына 3 рет – оқу жылының басында, ортасында және соңында:

- бастапқы – қыркүйек;
- аралық – қаңтар;
- қорытынды – мамыр айында.

Әр мониторингтің қорытындысы салыстырмалы түрде педагогикалық кеңесте қаралып отырады. Бастапқы бақылаудың индикаторлары алдыңғы жас топтарының күтілетін нәтижелері (II жартыжылдық) болып табылады. Педагог баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі бойынша диагностика нәтижелерін Бақылау парағына енгізеді.

Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

- 1)1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;
- 2)2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;
- 3)3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:

- балаларды бақылау;
- әңгімелесу;
- бала әрекетінің өнімдерін талдау;
- диагностикалық жағдаяттар. Жетекші әдіс – бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі.

«Baby City» ЖШС балабақшасында Үлгілік оқу бағдарламасы жүзеге асырылуда. Педагогтар Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметі және балалармен бірлескен іс-шаралар арқылы жүзеге асырады.

Балабақшаның білім беру қызметі бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламасын енгізуді талдау мақсатында мониторинг процесін ұйымдастыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде.

7.1. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы және талдау

2021-2022 оқу жылында «Baby City» ЖШС балабақшасы тәрбиеленушілерінің даму мониторингі 2020 жылғы «Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, даму деңгейлерін бақылау бойынша әдістемелік ұсынымдар» негізінде жүргізілді.

Мониторингтің объектісі балалардың жасы мен «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелерге сәйкес олардың физикалық, зияткерлік және жеке қасиеттері.

2021-2022 оқу жылындағы бағдарламаны меңгеру деңгейінің бастапқы мониторингтің көрсеткіштері: 44,4% құрайды.

Қорытынды. Бастапқы мониторинг көрсеткіштердің нәтижесін талдай отырып, балабақшада тәрбиеленушілерді жан – жақты дамыту мақсатында қолайлы жағдайлар жасалды: балалармен жеке жұмыс, оқу қызметінде инновациялық технологияларды қолдану, логопедпен, пән мамандармен бірлесіп жұмыс түрлері жоспарланды.

Қосымша тіркелді: 2021-2022 оқу жылының балалардың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы бақылау нәтижелері жиынтық есебі.

2022-2023 оқу жылы. «Baby City» ЖШС балабақшасы тәрбиеленушілердің даму мониторингінің **бастапқы жүргізу кезеңі** 2020 жылғы «Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, даму деңгейлерін бақылау бойынша әдістемелік ұсынымдар» негізінде жүргізілді.

Мониторингтің критерийлері (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Бастапқы мониторингтің көрсеткіштері: 60,1% құрайды.

Қорытынды: бастапқы мониторинг нәтижелері бойынша балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдылары, зерттеушілік қабілеттері, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларының деңгейін ескере отырып, әрі Үлгілік оқу бағдарламасын тиімді игеру үшін жұмыстар жоспарланды.

Қосымша тіркелді: 2022-2023 оқу жылының балалардың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы бақылау нәтижелері жиынтық есебі.

2023-2024 оқу жылы. «Baby City» ЖШС балабақшасы тәрбиеленушілердің даму мониторингінің **бастапқы жүргізу кезеңі** 2023 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасын мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» негізінде жүргізілді.

Мониторингтің критерийлері (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді

Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша құзыреттілікті дамыту мониторингі бағдарламаны 61 % игеруді көрсетті. Әр түрлі жастағы балалармен жүргізілген диагностиканың нәтижелері бойынша балалардың бағдарламалық материалды игеруінің оң динамикасы байқалады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту саласы. Тәрбиеленушілердің басым бөлігі диалогтық сөйлеуді, ересектер және құрдастарымен араласу дағдыларын меңгерген, фонематикалық белгілері бойынша ұқсас сөздерді ажыратады, сөзді дыбыстық-әріптік талдау дағдыларын меңгерген, күрделі көмекші сөздерді, зат есімдер мен сын есімдерді қолдануды меңгерген, салалас құрмалас және бағыныңқы құрмалас сөйлемдер құрастыра біледі. Мектеп жасына дейінгі ересек балалар барлық сөз таптарын қолданады; тиісті сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлемдерді қолданады, әдеби шығарма мазмұнын тыңдай әрі түсіне біледі, көрнекі сөздерді қолданады, әдеби сюжеттерді қабылдайды, кейіпкерлерге алаңдайды.

Мониторинг нәтижелері бойынша балалардың «Қатынас» білім беру саласы бойынша **64%** - ды құрады. Талдау нәтижелері көрсеткендей, тәрбиеленушілердің негізгі бөлігі логопедпен түзету жұмыстарын қажет етеді.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Балабақшада танымдық белсенділікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасалған.

Балалардың дербестігін, тапқырлығын, байқампаздығын дамытуға ерекше көңіл бөлінді.

Қарапайым қорытынды жасау, жалпылау және салыстыру біліктерін қалыптастыру үшін педагогтар дамытушы ойындар мен тапсырмалар жүргізді.

Барлық жас ерекшелік топтарда жаратылыстану, математика негіздері, құрастыру оқу қызметі бойынша перспективалық жоспарға сәйкес жоспарланады. Осы оқу жылында балалардың бағдарламалық материалды игеруі **64%** құрады.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Тәрбиеленушілердің сезімдік –эмоциялық қасиеттері мен эстетикалық талғамды, бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін қалыптастыруға, шығармашылық ойлау мен қиялды дамытуға, қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға үйретуде педагогтар балалармен бірлескен іс-әрекет барысында инновациялық әдістер мен технологияларды қолданады.

Жұмыстың нәтижесінде балалардың бағдарламалық материалды игеруі **63%**-ды құрады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру

Балалардың әлеуметтік құзыреттілігі бар, бұл оларға әлеуметтік нормалар мен ережелерді білу негізінде қарым-қатынас пен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді.

Осы оқу жылында балалардың бағдарламалық материалды игеруі **59%** құрады

Қорытынды: бастапқы мониторинг нәтижелері бойынша балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдылары, зерттеушілік қабілеттері, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларының деңгейін ескере отырып, әрі Үлгілік оқу бағдарламасын тиімді игеру үшін жұмыстар жоспарланды.

Қосымша тіркелді: 2023-2024 оқу жылының балалардың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы бақылау нәтижелері жиынтық есебі.

7.2.Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (қорытынды мониторинг) болуы және талдау

2021-2022 оқу жылы:

Педагогикалық диагностика нәтижелері бойынша педагогтердің 2021-2022 оқу жылында білім беру бағдарламасын орындауы туралы қорытынды жасауға болады. **Қорытынды мониторинг 93% құрайды.**

Қорытынды:Мониторинг нәтижелері 2021-2022 оқу жылындағы педагогикалық қызметтің тұрақтылығы мен тиімділігін көрсетеді. Мониторинг деректерін талдау келесі нәтижелерді анықтауға мүмкіндік берді: жалпы бағдарламаны игеру жақсы деңгейде. Балалардың бағдарламаның барлық бөлімдерін меңгеру сапасын талдау білім беру салалары бойынша келесі рейтингтік тәртіпті құруға мүмкіндік береді.

Қосымша тіркелді: 2021-2022 оқу жылының балалардың біліктері мен дағдылары дамуының қорытынды бақылау нәтижелері жиынтық есебі.

2022-2023 оқу жылы.

«Baby City» ЖШС балабақшасы тәрбиеленушілерінің қорытынды мониторингі 2023 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасын мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» негізінде жүргізілді.

Физикалық қасиеттерді дамыту

Бөлімдері: дене шынықтыру

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінді, ол қимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылды.

Физикалық қасиеттерді дамыту көрсеткіші **95%**

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Бөлімдері: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі.

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау дағдылары арқылы қалыптастырылды.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту көрсеткіші **92%** құрады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Бөлімдері: математика негіздері

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдылары қалыптасты.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында берілген ұғым, түсініктерді (заттардың түсі, көлемі, пішіні, саны, кеңістікте орналасуы және т.б.) еркін ойында және режимдік сәттерде балалардың жасына сәйкес бекіту, ол үшін сәйкес сұрақтар қойып, балалардың жеке жауаптарын тыңдау, балалардың математика терминдерін қолданып жауап беруіне, заттарға өз бетінше зерттеу жүргізуіне игерген дағдыларын қолдануына мән берілді.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту көрсеткіші 94% құрады

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Бөлімдері: сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка

Балалар айналадағы болып жатқан оқиғаларды ой елегінен өткізіп, тәжірибе жинақтауы және дағдыларды игеруі үшін олардың қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін ашу, бейнелеу құралдарын қолданып, бейнелерді, құрастыруларды өзбетінше жасауға ынталандыру, оларға еркіндік беру, тапсырманы шығармашылықпен орындауға баулу мақсатында жоспарлы жұмыстар өткізілді.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту көрсеткіші **96%** құрады

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру

Бөлімдері: қоршаған ортамен таныстыру

Қоршаған ортамен танысуда балаларды түрлі мамандықтар, ересектердің еңбегі, туған жер, Отан, отан қорғаушылар және патриоттық сезімдері, қазақ халқының ұлттық құндылықтары, отбасылық құндылықтар туралы түсініктері мен дағдылары қалыптасты.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру көрсеткіші **94%** құрады.

Қорытынды: Білім беру процесін дұрыс құрылуы, қолайлы жағдайлар құру, инновациялық технологияларды қолдану нәтижесінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының» игеруде тәрбиеленушілердің оң динамикасы байқалды.

Қосымша тіркелді: 2022-2023 оқу жылының балалардың біліктері мен дағдылары дамуының қорытынды бақылау нәтижелері жиынтық есебі.

7.3. Баланың жеке даму картасы. Педагогтың баламен жеке дамуында сауатты педагогикалық қолдау көрсетуге және балалармен әрі қарай жасайтын жұмыстарға түзету жүргізуге ықпал ету үшін тәрбиеленушінің жеке даму картасы барлық уақытына жүргізіледі.

Қосымша тіркелді: 2021-2022 оқу жылдарының тәрбиеленушілерінің жеке даму картасы.

2022-2023 оқу жылдарының тәрбиеленушілерінің жеке даму картасы.

7.4. Тәрбиеленушілердің жетістіктері. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту – балалардың дене, тұлғалық, зияткерлік қасиеттерін дамыту, олардың әлеуметтік жетістігі мен бүкіл өмірінің бойында бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті негізгі құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында, педар тәрбиеленушілерді түрлі сайыстарға қатыстырып отырды

2021-2022 оқу жылындағы тәрбиенушілердің жетістіктері

1	ҚР Білім және ғылым министрлігі Атырау қалалық білім бөлімі Мектеп жасына дейінгі балалар шығармашылығының «Айгөлек» қалалық фестивалінде «Вокал» номинациясы бойынша жүлделі орынға ие болған «Baby City» ЖШС балабақшасының бүлдіршіні ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.	Фаритова Айшат	Бекбулатова Ф.Б
----------	--	----------------	-----------------

2	Атырау облысы Білім беру басқармасы Атырау қаласы білім бөлімі Мектеп жасына дейінгі балалар шығармашылығының «Айгөлек» қалалық фестивалінде «Хореография» номинациясы бойынша қатысып, өнерімен ерекшеленген «Baby City» ЖШС балабақшасының бүлдіршіндері ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.		Оспанова Г. Д
3	Атырау облысы Білім беру басқармасы Атырау қаласы білім бөлімі Қалалық «Білім жолымен» атты мектеп жасына дейінгі балалар олимпиадасының «Ойна да ойлан» номинациясы бойынша «Baby City» ЖШС балабақшасы тәрбиеленушісі І дәрежелі дипломмен марапатталды.	Ким Илья	Мурзагалиева Д. О
4	Атырау облысы Білім беру басқармасы Атырау қаласы білім бөлімі Қалалық «Білім жолымен» атты мектеп жасына дейінгі балалар олимпиадасының «Біз мектепке барамыз» номинациясы бойынша «Baby City» жекеменшік балабақшасының тәрбиеленушісі ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталады.	Досқұл Алихан	Мурзагалиева Д. О
5	«Атадан-мұра» қоғамдық қорының бүлдіршіндер, мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында ұйымдастырылған Республикалық «ART BAYTEREK» байқауында «Эстрадалық вокал» номинациясы бойынша үздік өнер көрсеткені үшін «Baby City» ЖШС балабақшасының тәрбиеленушісі марапатталады.	Мурзагалиева Амира	Мурзагалиева Д. О
6	Международный Фестиваль-Конкурс Дистанционного Международного фестиваля – конкурса «Сәлем, Астана» награждается ГРАН ПРИ воспитанник «Baby City» ТОО в номинации «Вокал»	Кадынцева Риханна	Бекбулатова Ф. Б
7	Дүниежүзілік ұстаздар мерекесіне байланысты	Бекмамбетова Амира	Оспанова Г.Д

	«SAMURYQ» ALMATY» білім беру орталығы ұйымдастырған «ҰСТАЗ ҰЛЫ - ЕСІМ» атты республикалық байқауға қатысып, жеңімпаз атанғаны үшін «Baby City» ЖШС тәрбиенушілері І дәрежелі дипломмен марапатталады! Номинация: «Хореграфия»	Тоқан Жибек Дүйсекен Айбибі Аманжол Жанерке Тарасевич Эмилия	
--	--	---	--

2022-2023 оқу жылындағы тәрбиенушілердің жетістіктері

1	Білімқұмар балаларға арналған Республикалық «ҮРКЕР» зияткерлік марафонының «Baby City» ЖШС тәрбиенушілері жүлдегерлері дипломмен марапатталады.	Болат Ахмедияр Аманқос Ғайниса Кононенко Мария Абат Хиуаз	Самигонова Г.Қ
2	ҚР Оқу-ағарту министрлігі Атырау қаласы білім бөлімі Мектепке дейінгі ұйымдар арасында өткізілген «Айгөлек» балалар шығармашылық фестивалінде «Вокал» номинациясы бойынша «Baby City» ЖШС бүлдіршіні ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталады.	Мажитожа Асель	Бекбулатова Ф.Б
3	ҚР Оқу-ағарту министрлігі Атырау қаласы білім бөлімі Мектепке дейінгі ұйымдар арасында өткізілген «Айгөлек» балалар шығармашылық фестивалінде «Хореграфия» номинациясы бойынша «Baby City» ЖШС бүлдіршіндері ІІ дәрежелі дипломмен марапатталады.		Оспанова Г. Д
4	Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық – тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткізілген «Балапан-бояулар әлемі» байқауына белсене атсалысқаны үшін «Baby City» ЖШС бүлдіршіні І дәрежелі дипломмен марапатталады.	Губайдуллин Аян	Хайруллина Ғ. А
5	ЖМҚК № 2 «Алтын кілт» бөбекжай Балабақша аралық мектепке дейінгі тәрбиеленушілер арасында «Болашаққа- білімді, дені сау ұрпақ!» ұранымен		Шамгонова М.А

	спорттық-интеллектуалдық эстафетасында жүлделі ІІ орын иеленген «Baby City» ЖШС бүлдірішндері марапатталады.		
--	--	--	--

8.Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы

«Baby City» ЖШС әкімшілігі тәрбиеленушілердің ата-аналары арасында сауалнамасын Telegram канал арқылы жүргізді. Сауалнаманың мақсаты: мектепке дейінгі ұйымның білім беру қызметтерін көрсетуіне мониторинг жүргізу және білім беру сапасын жақсарту.

«Baby City» ЖШС балабақшасы педагогтарымен сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 23 педагог қатысты. 19 сұрақ қойылды. Сауалнама қорытындысы нәтижесі қосымша жалғанды.

9.Қорытынды мен ұсыныстар.

Өзін-өзі бағалау құрамының қорытындысы.

Мектепке дейінгі ұйым білім беру саласындағы нормативтік құжаттарға сәйкес ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін жүзеге асыруда, оқу-материалдық базасы бар, оқу-тәрбие процесін сапалы атқару үшін қажетті оқу-әдістемелік құралдары жеткілікті, МЖМБС талаптарын орындауға пәндік-кеңістік дамытушы орталарында жағдайлар жасалғаны анықталды.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының зерделеу негізінде төмендегідей ұсыныстар берілді:

- 1.Ұйымдастырылған іс-әрекетте жаңа инновациялық технологияларды кеңінен қолдану.
- 2.Кадрлық потенциалдың одан әрі дамуын жүзеге асыру, зияткерлік конкурстарға, авторлық бағдарламалар мен байқауларға қатынасуды ұйымдастыру.
- 3.Кәсіби деңгейді көтеру, өз білімін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру.
- 4.Заттық дамытушы ортаны ұйымдастыруды жалғастыру.

Шешім:

«Baby City» ЖШС балабақшасы мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын қызметінің өзіндік бағалау нәтижесін қорытындылай келе комиссия бір ауыздан келісім бойынша аттестаттауға деген ұсыныс береді.


Аттестаттау комиссиясының төрайымы:

«Baby City» ЖШС директоры Сулимова М.К.




Комиссия мүшелері:

Бегалиева Н.Г.




Нургалиева Г.С.




Иманалиева А.М.



Казанбекова Ж.Б.



Харисова А.Ә.



Комиссия хатшысы:

Абсенова Т.М.

